

Коммуналдық мұлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 184 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 маусымда № 5680 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 129 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 16.05.2025 № 129 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулысының атауы жаңа редакцияда – Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 20.09.2016 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық мұлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кала әкімі

M. Жұндібаев

Әкімдіктің

2015 жылғы 2 маусымдағы

№ 184 қаулысына қосымша

Коммуналдық мұлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлер

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 20.09.2016 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ p/c	Өлшемшарттардың атауы	Иеліктен айыру түрлері
	Жекешелендіру объектісін әрі карай бақылауға мемлекеттің мұддесінің болмауы;	

1	<p>заннамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату және саудаға қатысушылардың кең тобын тарту қажеттілігі;</p> <p>мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды оларды әрі қарай бақылауға мемлекеттің мүддесі болмаған кезде сату.</p>	<p>Сауданы аукцион нысанында өткізу</p>
2	<p>Заннамамен белгіленген мерзімдерде жекешелендіру объектісін сатудан бюджетке ақшалай қаражатты алу қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сактау қажеттілігі;</p> <p>ең жоғары ықтимал баға бойынша жекешелендіру объектісін сату қажеттілігі;</p> <p>сату шарттарын белгілеу жолымен белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісін мемлекеттің бақылауында сактау қажеттілігі болған жағдайда мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату.</p>	<p>Сауданы тендер нысанында өткізу</p>
3	<p>Сенімгерлік басқарудың, сенімгер басқарушымен, жалға алушымен (жалдаушымен) кейін сатып алу құқығымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының талаптарын орындау үшін мемлекеттің бақылауын белгілі бір уақыт ішінде сақтау қажеттілігі.</p>	<p>Тікелей атаулы сату</p>